

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№514

2020 жылғы 26 ақпан

Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 27 ақпандағы №278 «Ақтөбе қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 27 ақпандағы №278 «Ақтөбе қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4242 тіркелген, 2015 жылғы 27 наурызда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. ЕСІРКЕПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА